"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ТҮРКІСТАН
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ"
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
"ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИКОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 000000(
Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

15.03.2021-ғы № 03-18/1090 шығыс хаты

«ИННОВАЦИЯ-88» ЖК

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің «Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі Сіздің 01.03.2021 жылғы №88675 өтінішіңіздегі, №5296317-2 «Продуктов питания для ГКП на ПХВ Жетысай ЦРБ на 2021 год» конкурсына қатысты, Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының «Жетісай аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында (бұдан әрі - Ұйымдастырушы) өткізілген конкурсқа қатысты келесіні хабарлайды:

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434 «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (*әрі қарай – Заң*), 21 бабының 2 тармағының 2 тармақшасында, *конкурстық құжаттамада сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге ұлттық стандарттар, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттар көрсетіле отырып,* ***техникалық өзіндік ерекшелік қамтылуға тиіс****. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде мемлекеттік сатып алуды нормалау ескеріле отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдаланушылық сипаттамалары көрсетіледі* делінген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» *(әрі қарай – Қағида)* 150 тармағының 2 тармақшасына сәйкес, *әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынуы, сондай-ақ техникалық ерекшелікте талап етілетін құжаттарды ұсынбауы* делінген.

Жоғарыдағы аталған мемлекеттік сатып алудың конкурстық құжаттамасының техникалық ерекшелігіне сәйкес, сатып алынатын тауарларға кепілдік мерзімі 12 ай деген талап қарастырылған.

Камералдық бақылау жұмыстарының нәтижесінде, Сіздің конкурстық өтініміңізге сәйкес, сатып алынатын тауарларға кепілдік мерзімі 1ай деп көрсетілгені анықталды.

Бұл ретте, Сіздің конкурстық құжаттамаңыздың техникалық ерекшелігінде сатып алынатын тауарларға ұсынылған кепілдік мерзімі 1ай конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтіні анықталды.

15.03.2021 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

Осыған орай, жоғарыдағылардың негізінде Сіздің арызыңызда көрсетілеген уәждеріңіз өз дәлелін таппады.

Камералдық бақылау – ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47-бабының 5-тармағына сәйкес мәлімделген талаптар (дәлелдер) шегінде қаралғандығын мәлімдейміз.

Уәкілетті органның «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221 Заңының 12.14-бабына сәйкес қабылданған шешімімен келіспеген жағдайда, сіз жоғары тұрған органға немесе сотқа жүгінуге құқығыңыз бар

Басшының орынбасары **Т.Тултебаев**

Орындаған. Бейсенбай К.У.
Тел: 35-00-35

Келісілген О.Ажибеков